

## **Жоғары кәсіптік училищелерді қайта атау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 21 сәуірдегі N 602

Әуе көлігі, энергетика, мұнай-химия және құрылыс кәсіпорындарына қызмет көрсету үшін орта буын мамандарды даярлауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігінің Алматы қаласындағы N 2 жоғары кәсіптік училищені, Ақтау қаласындағы N 1 кәсіптік училищені және Ақтау қаласындағы N 4 кәсіптік училищені тиісінше Алматы азаматтық авиация сервисі колледжі, Маңғыстау политехникалық және Маңғыстау энергетикалық колледжі деп қайта атау туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрлігі белгіленген тәртіппен:

аталған оқу орындарының жарлықтарына өзгерістер енгізіп, әділет органдарында қайта тіркесін;

Алматы азаматтық авиация сервисі колледжіне, Маңғыстау политехникалық колледжі мен Маңғыстау энергетика колледжіне білім қызметін жүргізу құқығына лицензия берсін.

3. Ақтау және Алматы қалаларының әкімдері колледждердің оқушылары мен педагогикалық құрамының материалдық-техникалық базасын нығайту және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі